

## Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 тамызда № 11898 болып тіркелді.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 46-4) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2015 жылғы 1 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 10 шілде

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 21 мамырдағы

№ 7-1/453 бұйрығымен

бекітілген

## **Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптар**

**Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2021 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 46-4) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринариялық құжаттарды беру тәртібіне және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ "Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру", "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" және "Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) асыл тұқымдық куәлік – "Асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру (жою) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 3-2/1079 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13035 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) ата-тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын құжат;

2) ведомствоның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала) орналасқан аумақтық бөлімшелер;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

4) өндірістік бақылау бөлімшелері – жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің әкімшіліктері құрған, жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі бөлімшелер;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**5) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

## **2-тарау. Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру тәртібі**

3. Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификатты (бұдан әрі – ветеринариялық сертификат) Заңның 16-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы) береді.

4. "Экспорт кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 1-тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ветеринариялық сертификатты алу үшін тасымалдау басталғанға дейін алдын ала (осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда кемінде 2 (екі) жұмыс күні) тиісті аумақтық бөлімшенің кеңсесі не портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беруге арналған өтінішті және № 1-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Аумақтық бөлімше кеңсесінің маманы өтініш және № 1-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде тіркеуді жүзеге асырады және жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды анықтау үшін аумақтық бөлімшенің басшысына жолдайды.

Аумақтық бөлімшенің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетілген тіркеу туралы белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық сертификат алу үшін портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ветеринариялық сертификат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту, осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтініш түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде беріледі.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген өнімге ветеринариялық сертификат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту өтініш түскен күні беріледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған "e-Agriculture" ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ББАЖ АЖ) пайдалана отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі (көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген жағдайда) не көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы (портал арқылы жүгінген жағдайда) өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың электрондық цифрлық қолтаңбасы (

бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы (көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген жағдайда) немесе портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" (портал арқылы жүгінген жағдайда) жолдайды.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

1) өтініште көрсетілген мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға (бұдан әрі – Ветеринариялық-санитариялық қағидалар), Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін бақылаудағы тауарларға Бірыңғай ветеринариялық сертификаттар нысандарынан ерекшеленетін екі жақты ветеринариялық сертификаттарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық актілерінде, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға немесе ветеринариялық-санитариялық талаптарға (бұдан әрі – Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін бақылаудағы тауарларға ветеринариялық-санитариялық талаптарға (бұдан әрі – Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар) және Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға (бұдан әрі – Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар), импорттаушы елдердің талаптарына сәйкестігін тексереді;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық сертификатты беру журналына деректерді енгізеді;

3) Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге әкету кезінде үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерге) экспорттау кезінде экспорттаушы елде қабылданған талаптар мен қағидаларға сәйкестігін тексеруді және көлік құралының ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалауды жүргізеді.

4) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың қолымен және мөрімен расталған ветеринариялық сертификат – ББАЖ АЖ-ны пайдалана отырып, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін немесе осы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді;

5) дайындалған ветеринариялық сертификатты немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды аумақтық бөлімшенің кеңсесіне береді.

Аумақтық бөлімшенің кеңсесі ветеринариялық сертификатты немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен орнын көрсете отырып, ветеринариялық сертификаттың дайындығы туралы хабарлама не мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту жіберіледі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың 39-тарауында көрсетілген дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысанына сәйкес № 4 нысан бойынша өтініш берген күні ресімделеді.

10. Үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерге) экспорттау кезінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ветеринариялық сертификат берілетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық сертификат беріледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат 2010 жылғы 18 қарашадағы Кедендік одақ комиссиясының № 455 шешімімен бекітілген ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандары (бұдан әрі – Ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандары) бойынша беріледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тарауды 10-1-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Ветеринариялық сертификат Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 767 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6027 болып тіркелген) бекітілген Өңірлендіру, аумақты аймақтарға, компартаментке бөлу қағидаларына (бұдан әрі – Өңірлендіру қағидалар) сәйкес беріледі.

Ветеринариялық сертификат:

1) Өңірлендіру қағидаларына сәйкес саламатсыз және буферлік аймақтарда орналасқан компартаменттерді қоспағанда, аталған аймақтардан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге;

2) импорттаушы ел Қазақстан Республикасынан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қатысты уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар енгізген жағдайда берілмейді.

12. Жануарларды 5 (бес) басқа дейінгі санда орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде олар туралы жазба жануардың лақап атын және жеке нөмірін, сондай-ақ жынысын, тұқымын, жасын көрсете отырып, тікелей ветеринариялық сертификатқа енгізіледі.

Саны 5 (бес) бастан көп жануарларды орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде ветеринариялық сертификатқа сертификатты берген ветеринариялық-санитариялық инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылған жануарлар туралы мәліметтерді көрсете отырып (жануардың түрі, жынысы, тұқымы, жасы, жеке нөмірі, таңбасы, лақап аты), жануарлар туралы тізімдеме қоса беріледі және жануарлардың тізімдемесі сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Қазақстан Республикасы аумағынан үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттерге) шығарылатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге ветеринариялық сертификат экспорттаушы ел талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларына сәйкес берілген тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына рұқсат бар болған кезде беріледі.

14. Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардан ерекшеленетін талаптар бойынша үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) Қазақстан Республикасына әкелінген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер және олардан өндірілген өнім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге әкетілмейді.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде өткізу пункттерінде ветеринариялық сертификатқа Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық

одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге және "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) сәйкес тиісті мөртабан қойылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден келетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге соңғы межелі пунктіне дейін "Кіргізуге рұқсат" деген мөртабан қойылған экспорттаушы елдің ветеринариялық сертификаты қолданылады.

Үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттерге) әкелінетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер өткізу пункттерінде бақылау аяқталған соң межелі (жеткізу) орындарына жіберіледі, ол жерде экспорттаушы елдің ветеринариялық сертификаты Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық сертификатына қайта ресімделе отырып бақылау жүргізіледі.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті партиясын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден межелі орынға келген кезде анағұрлым ұсақ партияларға бөлген жағдайда, жаңа алушылар үшін ветеринариялық сертификаттардың көшірмелері ресімделеді, оларға (парақтың сыртқы бетінде) мынадай деректер енгізіледі: орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің және жаңа көлік құралының ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігі, көлік құралының нөмірі, оған тиесп-артылған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер саны, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні алушының атауы және орналасқан орны, қайта тиеу күні. Мәліметтер лауазымды адамның қол қоюымен және мөрімен куәландырылады. Ветеринариялық сертификаттың түпнұсқасы партияларды бөлуді жүргізген ұйымда сақталады.

16. Етке, былғары-үлбір шикізатына ветеринариялық сертификат мемлекеттік ветеринариялық зертхананың сараптама актісінің (сынақ хаттамасы) негізінде олар таңбаланғаннан кейін ғана беріледі.

17. Республика шегінен тыс шығарылатын етте, былғары-үлбір шикізатында таңбаның немесе мөртабанның айқын белгілері болмаса, оларды әкетуге берілген ветеринариялық сертификаттар жарамсыз болып есептеледі.

18. Көрсетілетін қызметті беруші № 1-тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3-тарау. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру тәртібі**

19. Заңның 16-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына және 4-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытындыны (бұдан әрі – ветеринариялық-санитариялық қорытынды) береді.

20. "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 2-тізбе) осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген.

Көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық-санитариялық қорытындыны алу үшін портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге өтінішті және № 2-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту өтініш түскен күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

22. Аумақтық бөлімше кеңсесінің маманы өтініш пен № 2-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде оларды тіркеуді жүзеге асырады және жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды анықтау үшін аумақтық бөлімшенің басшысына жібереді.

Құжаттарды тапсырғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш тіркелген кезден бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор БАЖ АЖ-ны пайдалана отырып, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту береді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жібереді.

24. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) күні жұмыс күні ішінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:

- 1) объектіні зерттеп-қарауды жүзеге асырады;
- 2) объектінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) объектінің Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11837 болып тіркелген), "Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12208 болып тіркелген), "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12243 болып тіркелген) бекітілген талаптарға сәйкестігін тексереді

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

25-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектінің осы Қағидалардың 24-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы ЭЦҚ қойылған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны (бұдан әрі – ветеринариялық-санитариялық қорытынды) ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор көрсетілетін қызметті алушыны ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруден бас тарту жөнінде алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру туралы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен орнын көрселген ветеринариялық-санитариялық қорытындының дайын екендігі туралы хабарлама мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде дайындалған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны аумақтық бөлімшенің кеңсесіне береді.

Аумақтық бөлімшенің кеңсесі ветеринариялық-санитариялық қорытындыны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсетілетін қызметті алушының тандауы бойынша "Жануарлар

өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен бірге "бір өтініш" қағидаты бойынша (бұдан әрі – "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық-санитариялық қорытынды алуға және "бір өтініш" қағидаты бойынша есептік нөмір алуға өтінім береді.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – өтініш тіркелген сәттен бастап 6 (алты) жұмыс күн, оның ішінде:

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні;  
өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру – 2 (екі) жұмыс күні.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды және жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту беру.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Көрсетілетін қызметті беруші № 2-тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**28. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. Ветеринариялық анықтаманы беру тәртібі**

29. Ветеринариялық анықтаманы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар) береді.

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, азық өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда ветеринариялық анықтаманы өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері (бұдан әрі – ветеринариялық дәрігер) Заңның 13-2-бабына сәйкес береді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 3 тізбе) осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген.

Ветеринариялық анықтаманы алу үшін жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық анықтаманы беруге арналған өтінішті және № 3 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Ветеринариялық анықтаманы беру үшін мемлекеттік ветеринариялық ұйымның басшысы айқындаған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның маманы (бұдан әрі – ветеринария саласындағы маман) № 3-тізбенің 8-тармағында көрсетілген өтінішті және құжаттарды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады.

Қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетілген тіркеу туралы белгі оның мемлекеттік ветеринариялық ұйымда қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық анықтаманы алу үшін портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**32-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Балықтарды және басқа су жануарларын (тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы (цисталар)) 5 (бес

) килограммнан артық тасымалдау кезінде "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама қажет.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер) әкелінген ветеринариялық бақылау және қадағалау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша орнын ауыстырған кезде ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжат көшірмесінің немесе ББАЖ АЖ-да ресімделген ветеринариялық құжаттың болуы қажет.

33. Ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер жануарды, жануардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық қарап-тексергеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда немесе одан алынған үзіндіде бар жануарлар туралы мәліметтер, ветеринариялық паспорт, сондай-ақ жүгіну сәтінде аумақтың эпизоотиялық ахуалын бағалау, көлік құралының ветеринариялық-санитариялық ахуалын бағалау негізінде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші немесе ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер қол қойылған және мөрмен куәландырылған ветеринариялық анықтаманы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды береді.

34. Ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер жүгіну сәтіндегі аумақтың эпизоотиялық ахуалын ескере отырып қол қойылған және мөрмен куәландырылған азыққа арналған ветеринариялық анықтаманы береді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**35-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Ветеринариялық анықтама жануарға, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа беріледі және көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні ресімделеді.

Ветеринариялық анықтама Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4-тарауды 35-1-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекет) әкелінген ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша орнын ауыстырған кезде ветеринариялық анықтамада ол бойынша республика аумағына ветеринариялық-санитариялық бақылау

және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжат туралы мәліметтер де ( құжаттың күні және нөмірі, тауарды шығарған ел) көрсетіледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**37-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтер олар берілген, межелі пунктке келген кезде жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, ветеринариялық анықтамалар берілген орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объекті межелі пунктке келген күннен бастап бір тәулік ішінде ББАЖ АЖ-ға енгізіледі.

38. Жануарға, жануардан алынатын өнім мен шикізатқа берілген ветеринариялық анықтама межелі пунктке дейін, ал жануардан алынған сүтке берілген ветеринариялық анықтама берілген сәтінен бастап 1 (бір) ай бойы жарамды.

Ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдеу кәсіпорындарында, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) кейіннен сою үшін жіберу (орнын ауыстыру, тасымалдау) кезінде оларға ветеринариялық анықтама беріледі.

Жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шыққан жерінің эпизоотиялық ахуалы өзгерген жағдайда, бұрын берілген ветеринариялық анықтама алып қойылады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4-тарауды 38-1-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Етке және ет өнімдеріне және субөнімдерге ветеринариялық анықтама Ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес тәртіппен қойылған ветеринариялық таңба немесе мөртабан белгісі болған кезде беріледі.

Жануардан алынатын шикізатқа (былғары және тері шикізаты) ветеринариялық анықтама ветеринариялық зертханалар берген сараптама актісі (сынақ хаттамасы) және таңбалау (сырғалар, жапсырмалар) болған кезде беріледі. Ауыл шаруашылығы жануарларынан алынған былғары және тері шикізатын таңбалау кезінде жануардың жеке нөмірі көрсетіледі.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісінің партиясын межелі орынға келген кезде анағұрлым ұсақ партияларға бөлшектеген жағдайда, жаңа

алушылар үшін ветеринария саласындағы мамандарға, ветеринариялық дәрігерлерге ветеринариялық анықтамалардың көшірмелерін ресімдеуге жол беріледі, онда (парақтың сыртқы бетінде) мынадай деректер енгізіледі:

ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектінің және жаңа көлік құралының ветеринариялық-санитариялық талаптарға және "Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/496 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11845 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкестігі, көлік құралының нөмірі, оған қайта тиелген (бөлшектелген) ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің саны;

ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісін алушының атауы және орналасқан жері;

бөлшектеу күні, ветеринариялық анықтаманың ресімделген көшірмесінің реттік нөмірін көрсете отырып (мысалға: № KZ-C-10 ветеринариялық анықтамамен берілген партияны бөлшектеу кезінде ветеринариялық анықтаманың көшірмесінде № KZ-C-10/1, № KZ-C-10/2, № KZ-C-10/3 деп көрсету және әрі қарай солай) ветеринариялық анықтаманың нөмірі (оның көшірмесі ресімделген ветеринариялық анықтама), ветеринариялық анықтаманың көшірмесін ресімдеуді жүргізген ветеринария саласындағы маманның, ветеринариялық дәрігердің лауазымы және аты, әкесінің аты (бар болса), тегі.

Ветеринария саласындағы маман, аттестатталған ветеринариялық дәрігер ветеринариялық анықтаманың көшірмесін берген кезде мәліметті қолтаңбасымен және мөрімен куәландырады.

Ветеринариялық анықтаманың көшірмесін ресімдеу (бөлшектеу) жүзеге асырылған ветеринариялық анықтама ветеринариялық анықтаманың көшірмесін ресімдеуді жүзеге асырған ұйымда (ветеринариялық дәрігерде) сақталады, оның сыртқы бетіне ветеринариялық анықтаманың көшірмесі(лері)нде көрсетілген мәліметтерді көрсете отырып, ветеринариялық анықтамалардың ресімделген көшірмелері туралы ақпарат хронологиялық реттілікпен енгізіледі.

Бұл ретте алғашқы ветеринариялық анықтамаға сәйкес бөлшектенетін тауар санының, көлемінің және түрінің есебін жүргізу қажет. Осындай операциялар туралы деректер ББАЖ АЖ-ға енгізіледі.

Ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісінің бөлшектелген партиясы келіп түскен жағдайда ветеринария саласындағы маманға, аттестатталған ветеринариялық дәрігерге Қағидалардың осы тармағында көрсетілген шарттар мен талаптарды сақтаған кезде ветеринариялық анықтамалардың көшірмелерін ресімдей отырып, жаңа алушылар үшін анағұрлым ұсақ партияларға бөлшектеуге жол беріледі.

41. Көрсетілетін қызметті беруші № 3-тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

42-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ББАЖ АЖ істен шыққан жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар немесе ветеринария саласындағы мамандар 1 (бір) жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

43-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторлар немесе ветеринария саласындағы мамандар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**5-тарау. Ветеринариялық құжаттардың бланкілеріне қойылатын талаптар**

44. Ветеринариялық сертификаттың, ветеринариялық-санитариялық қорытындының, ветеринариялық анықтаманың бланкілері мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, ветеринариялық сертификат қажет болған кезде ағылшын тілінде беріледі.

45. Ветеринариялық құжаттың нөмірі мыналарды қамтитын әріптік және сандық символдардан (символдар дефис арқылы бөлінеді) тұрады:

алдыңғы екі символ – ҚР литерлік коды (Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның – ISO кодына сәйкес келетін екі әріптік қысқарған атау);

үшінші символ – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың литерлік коды;

төртінші – бесінші символдар – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі;

алтыншы – он бірінші символдар – құжаттың реттік нөмірі.

46. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың литерлік коды, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

47. Республикалық маңызы бар қалаларда, астанада берілген ветеринариялық құжаттарды нөмірлеген кезде төртінші – бесінші символдарда нөлдер көрсетіледі.

48. Берілген ветеринариялық құжаттарды есепке алу қатаң есептілік бланкілерімен қатар жүргізіледі, ветеринариялық құжаттардың көшірмелері мен түбіртектері 3 (үш) жыл ішінде сақталуға жатады.

Межелі пунктінде ветеринариялық анықтамалар келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақталуға жатады.

49. Қағаз бланкілерде ресімделген ветеринариялық құжаттар мәтінінде әр түрлі сиямен, қолмен, қаріппен толтыруға, сондай-ақ ветеринариялық құжат нысанында көзделген немесе басқа келісілген жағдайларда жүзеге асырылатын сызуларды (түзетудің жанына мөр, анық қол қойылады және түзетуді енгізуші жауапты лауазымды адамның жазбаша аты, әкесінің аты, тегі көрсетіледі) қоспағанда, түзетуге жол берілмейді.

50. Ветеринариялық құжат осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қағаз бланкілерде айқын мөр бедері бар мөрмен расталып, ресімделеді ветеринариялық құжаттың берілген күні, оны берген лауазымды адам лауазымының толық атауы, аты-жөні, қолы көрсетіледі.

51. Ветеринариялық құжаттар БАЖ АЖ-да қалыптастырылады, кейін тиісті ветеринариялық құжат бланкісінде басып шығарылады.

52. Ветеринариялық құжаттардың бланкілері қатаң есептілік құжаттары болып табылады және мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) Қазақстан Республикасы ветеринариялық сертификаттары бланкілерінің және олардың түбіртектері бланкілерінің кемінде бес дәрежелі қорғанысы болады, оның ішінде:

түсі;

су белгілері;

типографиялық нөмірі және бланкінің реттік нөмірі (сегіз араб цифрынан тұратын сан);

позитивті көріністегі гильоширлық жиектеме;

гильоширлық рамканың периметрі бойынша орналасқан микрометін.

Ветеринариялық сертификаттар бланкілер түсі, ресімделуі және қорғаныш элементтері бойынша бірдей болады. Бланкінің форматы 210 x 297 миллиметр.

№ 1-нысанды ветеринариялық сертификат бланкісінің түсі – көк, № 2-нысан – қызыл, № 3-нысан – қоңыр.

Бланк кемінде 50 пайыз мақта талшықтарынан тұратын, оның сенімді визуалды бақылануын қамтамасыз ететін контрастілігі айқын, жарық-көлегейлі эксклюзивті су белгісі бар арнайы қағазда дайындалады. Қағаз ультракүлгін сәулелердің әсеріне жарқырамайды, спектрдің көрінетін және өзге облыстарында бақыланатын кемінде екі талшық түрінен тұрады. Ультракүлгін сәулелердің әсерінен көгілдір түсті көрінетін люминесценциясы бар арнайы талшықтар қолданылмайды.

Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық сертификаттарының бланкілері Ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандарына сәйкес келуге тиіс;

2) ветеринариялық-санитариялық қорытындының бланкілері мынадай қорғаныс дәрежелеріне ие:

офсеттік жазу әдісімен орындалған бет жағындағы рамка;

екі түрлі тангирлік сеткасы;

көшіруге қарсы элемент.

Бланкілер ашық жасыл түсті түрде босатылады. Бланкінің форматы 210 x 297 миллиметр;

3) ветеринариялық анықтаманың бланкілері мынадай қорғаныс дәрежелеріне ие:

офсеттік жазу әдісімен орындалған бет жағындағы рамка;

екі түрлі тангирлік сеткасы;

көшіруге қарсы элемент.

Ветеринариялық анықтаманың бланкілері көк түсті түрде босатылады. Бланкінің форматы 210 x 297 миллиметр.

**Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

53. Ветеринариялық құжаттардың қағаз бланкілері (ветеринариялық анықтама, ветеринариялық сертификат, ветеринариялық-санитариялық қорытынды) есепке алынуға жатады, ол үшін ветеринариялық құжат бланкісінің әрбір данасының сол жақ төменгі бұрышына баспаханалық тәсілмен немесе нөмірлеушімен оның нөмірі, сериясы қойылады. Берілген ветеринариялық құжат бланкісінің сериясы, нөмірі берілген ветеринариялық құжаттың электрондық нұсқасында ББАЖ АЖ-да көрсетіледі.

54. Ветеринариялық құжаттардың бланкілері қатаң түрде мақсаты бойынша пайдаланылады және басқа ұйымдарға немесе басқа тұлғаларға берілмейді.

55. Ветеринариялық құжаттардың бланкілерін есепке алуды, беруді, сақтауды және жоюды ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалатын жауапты лауазымды тұлға (бұдан әрі – бекітілген лауазымды тұлға) жүзеге асырады және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық құжаттардың бланкілерін есепке алу және беру журналында (бұдан әрі-журнал) әрбір түрі бойынша жеке жүргізіледі. Журнал нөмірленеді, тігіледі, басшы куәландырады және мөрлейді.

56. Ветеринариялық құжаттардың бланкілерін жұмыста пайдалану кезінде бүлінген жағдайда осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бүлінген ветеринариялық құжаттардың бланкілері бойынша акт жасалады. Бүлінген ветеринариялық құжаттардың бланкілері бойынша актіге кесілген және қағаз парағына желімделген ветеринариялық құжаттардың бүлінген бланкілерінің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, ветеринариялық құжаттар бланкілерінің қалған бөліктері ұсақталады немесе жағылады.

57. Бланкілерді қабылдауды, сақтауды, беруді және жоюды ұйымдастыру бойынша бақылауды жүзеге асыру мақсатында ұйымдарда ветеринариялық құжаттарды беруді жүзеге асыратын ұйымның бірінші басшысының (бұдан әрі – бірінші басшылар) бұйрығымен бекітілетін бес адамнан тұратын тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

Ветеринариялық құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді, беруді және сақтауды бақылауды жүзеге асыру бірінші басшыларға жүктеледі.

58. Бекітілген лауазымды тұлға ай сайын осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық құжаттар бланкілерінің қозғалысы туралы есепті қалыптастырады. Ветеринариялық құжаттар бланкілерінің қозғалысы туралы есептер 3 (үш) жыл бойы сақталуы тиіс.

**6-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

59. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың немесе мамандардың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым аумақтық бөлімше, мемлекеттік ветеринариялық ұйым, ведомство, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор/мемлекеттік ветеринариялық ұйым оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор/мемлекеттік ветеринариялық ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

**Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

60. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес:

аумақтық бөлімше, мемлекеттік ветеринариялық ұйым, ведомство, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

61. Аумақтық бөлімшенің, мемлекеттік ветеринариялық ұйымның, ведомствоның, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша

нысанда (шағым қағаз тасығышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ветеринариялық құжаттарды  
беру қағидалары және олардың  
бланкілеріне қойылатын  
талаптарға  
1-қосымша

**"Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары; Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші).
		1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Астана,

2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық инспекцияларының кеңселері; 2) "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні ішінде. Дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат беру кезінде -жүгінген күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ветеринариялық сертификат не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы (ветеринариялық сертификат бланкісі үшін). Көрсетілетін қызметті алушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы қолма-қол ақшасыз нысан түрінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған бланкінің құнын төлейді.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сәйкес жүзеге асырады.

көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) экспорту кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 б ұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат және көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат (құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының өкілі тапсырған кезде) (сәйкестендіру үшін);
- 3) жануарлардан алынатын өнімдерді, шикізатты, азықтарды ("Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен

бекітілген) Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесінде " \* " символымен белгіленген өнімдерді қоспағанда) тасымалдау кезінде – сараптама актісінің ( сынақ хаттамасының) көшірмесі; Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) оны берген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісінен салқындатылған етті, салқындатылған тағамдық балық өнімдерін, тағамдық жұмыртқаны әкету (экспорттау) үшін пайдалануға мынадай жағдайларда жол беріледі: өндіріс объектісі бекіткен және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы уәкілетті органы ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісілген Өнімді мониторингтік зерттеу жоспарының (бұдан әрі – Мониторинг жоспары) болуы; Мониторинг жоспары шеңберінде зерттелетін өнімнің сараптама актісі (сынақ хаттамасы) берілген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде оны пайдалану кезеңінде зерттелетін қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкестігі;

4) иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде – ветеринариялық паспорт көшірмесі;

5) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге ( Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігінен республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған ( тасымалданған) объектілердің

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

орнын ауыстырған (тасымалдаған) кезде және/немесе республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық анықтама көшірмесі (агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған "e-Agriculture" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ББАЖ АЖ) болмаған жағдайда);

б) ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі; порталға:

1) экспорту кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беруге осы Қағидаларға 2-қосымшаға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) электрондық көшірмесі;

3) иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде – ветеринариялық паспорттың электрондық көшірмесі;

4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігінен республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған (тасымалданған) объектілердің орнын ауыстырған (тасымалдаған) кезде және/немесе республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық

анықтаманың электрондық көшірмесі (ББАЖ АЖ-да болмаған жағдайда);

5) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжат , заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама, ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы, асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат туралы, балықтың қайдан ауланғаны туралы, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерді тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды ескере отырып экспортауға рұқсат беру туралы, ветеринариялық анықтама туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру ( бағыты) және (немесе) келу ( межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;  
 3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;  
 4) ветеринариялық сертификатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;  
 5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің, көлік құралдарының, деректердің және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;  
 6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық сертификат алуға байланысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар және мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.  
 Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік

отырып қойылатын өзге де талаптар

қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік құпиясөзді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға  
2-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_  
(ветеринария саласындағы уәкілетті орган  
ведомствосының аумақтық бөлімшенің атауы)

\_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі жеке сәйкестендіру нөмірі,  
/заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Өтініш нөмірі:

**Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру туралы өтініш**

Ветеринарлық сертификат беруіңізді сұраймын \_\_\_\_\_  
(өндіріс объектісінің атауы, қызмет түрі)

Жануарды (балық, ара, қосмекенділер, жәндіктерден басқа),  
жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстырған кезде –  
жануардың жеке нөмірі, ветеринариялық паспорттың нөмірі

\_\_\_\_\_  
Асыл тұқымды жануарлардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде әр

жануар басына және асыл тұқымдық өнімге (материалға) қосымша – асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың нөмірі және күні

---

Балықтың және басқа да су жануарларының (тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай-ақ шаяндар, гамарус, салина (циста) артемиясы) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) көлеміне берілетін балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаманың нөмірі және күні \_\_\_\_\_

Өндірістік объектінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Өндіріс объектісінің есептік нөмірі \_\_\_\_\_

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы \_\_\_\_\_

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, өлшем бірлігі \_\_\_\_\_

---

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттаушы мемлекет және межелі орны \_\_\_\_\_

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттауда қолдану болжанатын көлік түрі \_\_\_\_\_

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні алып өту болжанатын мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттері көрсетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің жол жүру бағдары \_\_\_\_\_

---

Экспорттау мақсаты (тірі жануарлар үшін – көбейту және күтіп бағу, сату, етке сою, өнім және шикізат үшін – өткізу, өңдеу, азық және азық қоспалары үшін – олар арналған жануарлар түрі,

---

экспортқа рұқсат нөмірі, күні \_\_\_\_\_

---

Мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

---

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға

сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Көрсетілеті қызмет алушы немесе оның өкілі \_\_\_\_\_

---

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы )

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_


Ветеринариялық құжаттарды  
беру қағидалары және олардың  
бланкілеріне қойылатын  
талаптарға  
3-қосымша  
Нысан

### Ветеринарлық сертификатты беру журналы

Р/с №	Өтініш келіп түскен күн, Өтінішті ң нөмірі	Өндіріс объектісі нің атауы , қызмет түрі	Өндіріс объектісі нің есептік нөмірі	Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкесте ндіру нөмірі / заңды тұлғаның атауы, бизнес-сә йкестенді ру нөмірі )	Орны ауыстыр ылатын ( тасымалд анатын) объектіні ң мәліметт ері	Экспортт аушы мемлекет і және межелі пункті	Орындау шының ( тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Ветерина рлық сертифик аттың нөмірі, күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ветеринариялық құжаттарды  
беру қағидалары және олардың  
бланкілеріне қойылатын  
талаптарға  
4-қосымша  
Нысан

[Уәкілетті органның  
атауы ]



[Уәкілетті органның  
атауы]

### Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту

Берілген күні: [берілген күні]

[Көрсетілетін қызметті алушының атауы]

Тіркеу орны:

Облыс: [Облыс]

Аудан: [Аудан]

Қала\елді мекен: [қала\елді мекен]

[жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі] [БСН / ЖСН]

Мемлекеттік тіркеу күні [күні]

Бас тарту себебі: [бас тарту себебі]

[Көрсетілетін қызмет беруші қол қоюшысының лауазымы]

[Қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**5-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ветеринариялық құжаттарды  
беру қағидалары және олардың  
бланкілеріне қойылатын  
талаптарға  
5-қосымша

### **Ветеринариялық сертификат берілетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің тізбесі**

№ 1 нысан

1. Жануарлардың барлық түрі (ауыл шаруашылығы, үй, жабайы, хайуанаттар паркі, теңіз, кәсіпшілік, терісі бағалы аңдар, цирктегі, зертханалық және тағы басқа жануарлар).
2. Құстардың барлық түрі (үй құстары, жабайы, әсемдік).
3. Аралар, тарқатуға жарамды жібек құртының піллелары.
4. Әсемдік жәндіктер, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар және рептилдер.
5. Балықтар (оның ішінде әсемдік), құрбақалар, шаяндар, теңіз омыртқасыздары және басқа гидробионаттар, ұстауға және өсіруге арналған вина ұлулары.
6. Ұрықтандырылған уылдырық, эмбриондар, зиготалар, жануарлардың ұрықтары.
7. Инкубациялық жұмыртқа.
8. Балықтарға арналған тірі азықтар (соның ішінде гамарус, салин артемиясы).

### **Ветеринариялық сертификат берілетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің тізбесі**

№ 2 нысан

1. Тағамға пайдалануға рұқсат берілген үй жануарларынан, жабайы және теңіз жануарларынан және құстардан алынған тұтас ет, тұтас еттің жартысы, төрттен бір бөлігі, блоктары және оның өңдеу өнімдері (жартылай фабрикалтар).

2. Сойылған жануарлардың субөнімдері, шпик, қорытылмаған және қорытылған майлар, кептірілген және консервіленген қан және басқа да азық-түліктік мақсаттағы өнімдері.

3. Шикілей ысталған, қақталған, тұздалған, пісірілген, пісіріліп-ысталған, жартылай ысталған ет өнімдері.

4. Тағамдық альбумин, іркілдек, казеин.

5. Сүт және сүт өнімдері.

6. Ет, балық, сүт консервілері.

7. Ара балы.

8. Балық, шаян тәріздестер, басқа да гидробионаттар және тағамдық мақсаттарға арналған оларды өңдеу өнімдері.

9. Тауарлы құс жұмыртқасы, жұмыртқа ұнтағы және жұмыртқа меланжы.

**Ветеринариялық сертификат берілетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің тізбесі**

№ 3 нысан

1. Эндокриндік шикізат.

2. Ішек шикізаты.

3. Тағамға жатпайтын субөнімдер.

4. Өңделмеген мүйіз-тұяқ шикізаттары, оның ішінде сүйектер.

5. Былғары және бағалы аң тері шикізаттары.

6. Қыл (түк, жүн, түбіт, қауырсын, қыл-қыбыр, түлеу).

7. Шел және тері шикізатының кесінділері.

8. Техникалық альбумин, казеин, және іркілдек.

9. Өт.

10. Балауыз, желімтік, мерва, бал ара сүті, араның уы.

11. Жыланның уы.

12. Биологиялық өнеркәсіпке арналған шикізат.

13. Аң аулау олжасы.

14. Нақпіндер, мұражайлық препараттар, коллекциялар және зоология, анатомия, палеонтология бойынша коллекциялық заттар.

15. Жануарлардан алынған азықтар.

16. Премикстер, азықтық қоспалар.

17. Азыққа арналған микробиологиялық синтез өнімдері.

18. Кеден одағы субъектілерінен тыс жерлерге шығарған кездегі немесе сатып алушының немесе транзиттің (елдің) аумағындағы мемлекеттік ветеринариялық

қызметтің талабы бойынша әкелінген басқа азықтар, оның ішінде өсімдіктерден алынған және үй жануарларына арналған азықтар.

19. Көң (құс саңғырығы).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2026 № 173 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ветеринариялық құжаттарды  
беру қағидалары және олардың  
бланкілеріне қойылатын  
талаптарға  
6-қосымша  
Нысан/Форма

Ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган ведомствосының  
рұқсаты № \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Разрешение № \_\_\_\_\_ ведомства уполномоченного государственного органа  
в области ветеринарии от " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_ года

## **ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТТЫҢ ТҮБІРТЕГІ № \_\_\_\_ КОРЕШОК ВЕТЕРИНАРНОГО СЕРТИФИКАТА**

Ветеринариялық сертификат / Ветеринарный сертификат \_\_\_\_\_ жылы /год  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ облысы /область \_\_\_\_\_ ауданында берілді/в районе  
выдано \_\_\_\_\_

Жеке/ заңды тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) /фамилия, имя,  
отчество (при его наличии) физического/юридического лица

Объектінің атауы, мекенжайы, есептік нөмірі, жануардың жеке нөмірі/  
Наименование, адрес, учетный номер объекта, индивидуальный номер  
животного \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлғалар үшін) / индивидуальный  
идентификационный номер (для физических лиц) \_\_\_\_\_

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін) / бизнес-  
идентификационный номер (для юридических лиц) \_\_\_\_\_

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, фамилиясы, аты,  
әкесінің аты (бар болса), қолы / государственный ветеринарно-санитарный  
инспектор, фамилия, имя, отчество (при его наличии), подпись

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл / год

-----қию сызығы / линия отреза

Қазақстан Республикасы

Республика Казахстан

Republic of Kazakhstan

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Министерство сельского хозяйства

Ministry of Agriculture

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері

Территориальные подразделения ведомства

Territorial Office of the Authorized body's sub-division

№ 1 Нысан / Форма № 1 / Form № 1

---

осы ветеринариялық сертификатты берген,  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
инспекторы қызмет атқаратын мемлекеттік  
органның атауы / наименование государственного  
органа на службе, которого состоит государственный  
ветеринарно-санитарный инспектор, выдавший  
настоящий ветеринарный сертификат / Name  
of public authority whose State veterinary  
inspector had issued this Veterinary Certificate

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ ВЕТЕРИНАРНЫЙ СЕРТИФИКАТ/VETERINARY  
CERTIFICATE № 00-00-00**

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесіне берілді / Выдан  
владельцу перемещаемого (перевозимого) объекта/ issued to the owner of the  
moveable (transported) object (product)\_\_\_\_\_

---

(фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) / фамилия, имя, отчество (при его  
наличии) /

title, name) жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлғалар үшін) /  
индивидуальный идентификационный номер (для физических лиц) /  
Personal Tax Reference Number for the natural person\_\_\_\_\_

---

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (занды тұлғалар үшін) / бизнес-  
идентификационный номер (для юридических лиц) / Business Identification  
Number for legal persons\_\_\_\_\_

---

**Жануарлардың саны / количество животных / Number of animals**

Жануардың түрі / Вид животных / Origin of the animals	Жынысы / Пол / Sex	Жануардың тұқымы / Порода / Breed	Жасы / Возраст / Age	Жеке нөмірі, таңбасы, аты, салмағы / Индивидуальный номер, тавро, кличка, вес / Individual number, brand, name, weight
---	--------------------	--------------------------------------	-------------------------	---

Тасымалдау кезінде жануардың саны 5 бастан асса, олардың тізімі жасалады, ол тізімге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор қол қояды және ол осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылады / При перевозке более 5 голов составляют список животных, который подписывается государственным ветеринарно-санитарным инспектором и является неотъемлемой частью данного сертификата / When transporting more than 5 animals they must be listed and then the list signed by the veterinary - sanitary inspector. Аралары бар бал ара ұясы (бал ара ұясы), бал ара пакеттері (ұясымен, ұясыз), аналық бал аралар / Улей с пчелами (пчелиная семья), пчелопакеты (сотовые, безсотовые), пчелиные матки / The hives with bees, bee family, bee parcels (honeycombed and non- honeycombed), bee queens etc.

**1. Жануарлардың шығу тегі / Происхождение животных /Origin of the animals**

Объектінің атауы, мекен-жайы, есептік нөмірі / Наименование, адрес, учетный номер

объекта / Name, address and account number \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жануардың шыққан жері (туған немесе сатып алынған жері – мемлекет, облыс, аудан)

/ Место происхождения животных (месторождения или приобретения животных – страна, область, район) / Place of the animals origin (place of birth or procurement (acquirement) of the animals: country, regions, district)

\_\_\_\_\_

Жануарлардың Қазақстан Республикасында болған мерзімі / Животные находились

в

Республике Казахстан / Animals have been kept in the Republic of Kazakhstan \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

туған күнінен, немесе 6 айдан кем емес мерзімде/с рождения или не менее

6 месяцев/since birth or aged at least 6 months

Жабайы жануарлар мен хайуанаттардың ауланған жерін көрсету керек/Для диких животных указать место отлова / For wild animals please indicate the place of capture \_\_\_\_\_

Карантинде болған жері / Место карантинирования /

Place of quarantine \_\_\_\_\_

## 2. Жануарларды тасымалдау бағыты / Направление животных / Information on animals shipment itinerary

Ел, межелі пункті / Страна, пункт назначения / Country of destination and location of delivery point \_\_\_\_\_

транзит елі (дер) / страна транзита/country of transit \_\_\_\_\_

шекараны кесіп өтетін пункт / пункт пересечения границы / point of crossing the border

Қабылдаушы елдің атауы және мекенжайы / Наименование и адрес получателя / Name

and address of the consignee \_\_\_\_\_

Көлік / Транспорт / Means of transport \_\_\_\_\_

вагонның, автокөліктің №, әуе ұшағының, кеменің рейсін көрсету керек/указать

№ вагона, автомашины, рейс самолета, судна / specify the number of the wagon, truck, flight-number, name of the ship

3. Мен, Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор (орынбасары), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор (керектісінің астын сызу қажет), жоғарыда көрсетілген жануарлар \_\_\_\_\_ күнсайынғы клиникалық қараумен күндізгі карантинде болғанын, басқа жануарлармен араласпағанын, сертификат берілер күні тексерілгенін және жұқпалы аурулардың клиникалық белгілері болмағанын растаймын / Я, Главный государственный ветеринарно-санитарный инспектор (заместитель); государственный ветеринарно-санитарный инспектор (нужное подчеркнуть), удостоверяю, что вышеуказанные животные прошли \_\_\_\_\_ дневное карантинирование с ежедневным клиническим осмотром, не имели контакта с другими животными, обследованы в день выдачи сертификата и не имеют клинических признаков инфекционных болезней / I, the undersigned Chief (Deputy) State Veterinary-Sanitary Inspector/ the undersigned State Veterinary-Sanitary Inspector (underline as necessary), thereby certify that above-mentioned animals were placed under quarantine for \_\_\_\_\_ days with daily clinical examination, and they had no contacts with the other animals and examined on the day of issuance the certificate and showed no clinical symptoms of the infectious diseases.

Көлік құралдары Қазақстан Республикасында қабылданған әдістермен және құралдармен тазаланған және дезинфекцияланған/Транспортные средства очищены и продезинфицированы принятыми в Республике Казахстан методами и средствами / Means of transport have been cleaned and disinfected by the methods and the means adopted in the Republic of Kazakhstan.

Жануардың шыққан жерінде мына індеттер тіркелінбеген/Животные выходят из местности, где не регистрировались/The animals originate from the locality free from:

\_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ в течение последних / during the last \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ в течение последних / during the last \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ в течение последних / during the last \_\_\_\_\_

Жануарлар \_\_\_ күндізгі карантин кезеңінде, мемлекеттік зертханаларда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспортталған кезінде аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтардың) тізіліміне енгізілген аккредиттелген зертханаларда жұқпалы ауруларға теріс нәтижемен тексеріледі:/ Животные в период \_\_\_\_\_ дневного карантирования исследовались в государственной ветеринарной лаборатории, при экспорте за пределы Республики Казахстан в аккредитованных лабораториях, включенных в Реестр аккредитованных испытательных лабораторий (центров), с отрицательным результатом на:/during \_\_\_\_\_ quarantine days animals have been examined in the State Veterinary Laboratory and when exported out of the Republic of Kazakhstan they were subjected to examination at the accredited (listed as accredited) laboratories (test centers) and came out with negative results:

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

Жұқпалы ауруларға қарсы вакцина егілді:/Проведена вакцинация против:/ Animals were vaccinated against:

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

Паразиттерге қарсы өңделген жануарлар: / Животные обработаны против паразитов : / Animals were treated against parasites:

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы/год/ year

Азықтар және басқа ілеспе жүктер тікелей экспорттаушы-шаруашылықтан алынған және жұқпалы аурулардың қоздырғыштарымен залалданбаған / Корма и другие сопровождающие объект происходят непосредственно из хозяйства-экспортера и не контаминированы возбудителями инфекционных болезней / The fodder (feed) and other accompanying items are originated from the exporter's premises and not contaminated with pathogenetic organisms.

Құжат толтырылды / Составлено / Certificate has been drawn up \_\_\_ жылы/год / year " \_  
" \_\_\_\_\_

Мөртабан орны / Место штампа / The place for the stamp \_\_\_\_\_

Бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық  
инспекторы (орынбасары)  
мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық  
инспекторы

Қолы

мөр

Главный государственный  
ветеринарно-санитарный  
инспектор (заместитель)  
Государственный  
ветеринарно-санитарный  
инспектор

Подпись

печать

The Chief (Deputy) State  
Veterinary-Sanitary Inspector/State  
Veterinary-Sanitary Inspector

\_\_\_\_\_

қызметі, аты-жөні  
должность, фамилия / title, name

\_\_\_\_\_

Signature

Stamp here

Ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган ведомствосының, экспорт берілген рұқсаты / Разрешение ведомства уполномоченного органа в области ветеринарии на экспорт / Export / Permit is issued by competent authority in the field of veterinary \_\_\_\_\_ нөмірі, айы, күні / номер, дата / number, month, day, date

Ветеринария саласындағы  
мемлекеттік уәкілетті  
орган ведомствосының  
рұқсаты № \_\_\_\_\_  
20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Разрешение № \_\_\_\_\_  
ведомства уполномоченного  
государственного органа  
в области ветеринарии  
от " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ года

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТТЫҢ ТҮБІРТЕГІ № \_\_\_ КОРЕШОК  
ВЕТЕРИНАРНОГО СЕРТИФИКАТА**

Ветеринариялық сертификат / Ветеринарный сертификат \_\_\_\_\_ жылы /

год " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ облысы / область \_\_\_\_\_ ауданында берілді / в районе  
выдано

Жеке/заңды тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі / фамилия, имя, отчество  
(при его наличии) физического/юридического лица

---

— Объектінің атауы, мекенжайы, есептік нөмірі, жануардың жеке нөмірі /  
Наименование, адрес, учетный номер объекта, индивидуальный номер  
животного \_\_\_\_\_

---

— мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың аты, әкесінің

---

— аты (бар болса), тегі, қолы / фамилия, имя, отчество (при его наличии)  
государственного

ветеринарно-санитарного инспектора, подпись

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы/год

----- қию сызығы / линия отреза

Қазақстан Республикасы

Республика Казахстан

Republic of Kazakhstan

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Министерство сельского хозяйства

Ministry of Agriculture

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері

Территориальные подразделения ведомства

Territorial Office of

the Authorized body's sub-division

2 нысан

Форма № 2

Form № 2

осы ветеринариялық сертификатты берген,

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық

инспектор қызмет атқаратын мемлекеттік

органның атауы/ наименование государственного

органа на службе, которого состоит

государственный ветеринарно-санитарный

инспектор, выдавший настоящий  
ветеринарный сертификат/Name  
of public authority whose State  
veterinary inspector had issued this  
Veterinary Certificate

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ/ ВЕТЕРИНАРНЫЙ СЕРТИФИКАТ/VETERINARY  
CERTIFICATE № 00-00-00**

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесіне берілді  
/Выдан владельцу перемещаемого (перевозимого) объекта / issued to the owner of  
the moveable (transported) object (item) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) / фамилия, имя, отчество  
(при его наличии) / title, name)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлғалар үшін) / индивидуальный  
идентификационный номер (для физических лиц) / Personal Tax Reference  
Number for the natural persons \_\_\_\_\_

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін) / бизнес-  
идентификационный номер (для юридических лиц) / Business Identification  
Number for legal persons \_\_\_\_\_

Өнімнің атауы / Наименование продукции Name of product \_\_\_\_\_

Орын саны / Число мест / Number of package \_\_\_\_\_

Салмағы / Вес нетто / Net weight \_\_\_\_\_

Орама / Упаковка / Type of package \_\_\_\_\_

Таңбалау / Маркировка / Identification marks \_\_\_\_\_

**1. Өнімнің шығу тегі / Происхождение продукта/Origin of the product**

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы және мекен жайы  
/Наименование и адрес перемещаемого (перевозимого) объекта / Name and  
address of the moveable (transported) object (item) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жануарлардың жеке нөмірі / индивидуальный номер животного/ animal's  
individual number \_\_\_\_\_

Өндірістік объектілердің есептік нөмірі/учетный номер объекта производства/  
account number of the production facility (object) \_\_\_\_\_

**2. Өнімді тасымалдау бағыты/Направление продукции/Destination of the product**

Ел, межелі пункті /Страна, пункт назначения /Country of destination and point of

delivery \_\_\_\_\_

Транзит елдері / Страны транзита / Country of transit \_\_\_\_\_

Шекараны кесіп өтетін пункт / Пункт пересечения границы / Point of crossing the border \_\_\_\_\_

Объектінің жүру маршруты / Маршрут следования объекта/ itinerary of travel of the object (item) \_\_\_\_\_

Қабылдаушының атауы және мекен-жайы / Наименование и адрес получателя / Name and address of the consignee \_\_\_\_\_

Көлік / Транспорт / Means of transport \_\_\_\_\_

вагонның, автокөліктің №, әуе ұшағының, кеменің рейсін көрсету керек / указать № вагона, автомашины, рейс самолета, судна / specify the number of the wagon, truck, flight-number, name of the ship

Тасымалдау жағдайы / Условия транспортировки / Conditions of transportation \_\_\_\_\_

Орын ауыстыру мақсаты (өткізу, сою, сақтау, өңдеу, өсіру) / Цель перемещения (реализация, убой, хранение, переработка, разведение)/ Purpose for transportation (sale, slaughtering, storage, processing, breeding) \_\_\_\_\_

3. Мен, төменде қол қоюшы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы (орынбасары), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы

(керектісінің астын сызу қажет), қарауға берілген жануарлардан алынатын өнімдердің; / Я,

нижеподписавшийся Главный государственный ветеринарно-санитарный инспектор (заместитель) Республики Казахстан;

государственный ветеринарно-санитарный инспектор (нужное подчеркнуть),

удостоверяю, что предъявленные к осмотру продукция животного происхождения /

I, the undersigned Chief (Deputy) State Veterinary-Sanitary Inspector of the Republic of Kazakhstan the undersigned State Veterinary-Sanitary Inspector of the Republic of Kazakhstan (underline as necessary) thereby certify that the products of animal origin presented for examination;

дені сау жануарларды союдан алынғанын / получены от убоя здоровых животных / derive from healthy animals;

